

ТАҚЫРЫП-3. МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫ

Мазмұны:

- 3.1 Мемлекеттің экономикалық іс-әрекеттері.
- 3.2 Қоғамдық тауарлары, игіліктері мен қызметтері.
- 3.3 Мемлекеттік қаржылар туралы жалпы түсінік және олардың құрамы.
- 3.4 Мемлекеттік табыстардың мәні және жіктелуі.
- 3.5 Мемлекеттің шығыстарының мәні, құрамы және сыныптамасы.

Негізгі ұғымдар:

- Құйылым шығындары
- Құйылым пайдалары
- Қоғамдық тауарлары
- Мемлекеттік қаржы
- Жалпы мемлекеттік (республикалық қаржы)
- Жергілікті (муниципалдық) қаржы
- Мемлекеттік табыстары
- Мемлекеттің шығыстары

Мақсаты: қаржының мәні мен функцияларын, олардың ұдайы өндіріс процесіндегі ролін теориялық негіздеу; қаржы жүйесінің мазмұны мен құрамын ашу; қаржылық, фискалдық және ақша-несие саясаты контекстінде қаржылық менеджмент негіздерін оқу;

3.1 Мемлекеттің экономикалық іс-әрекеттері.

Кез-келген қоғамда мемлекет бірқатар факторларға: қоғам дамуының таңдап алынған үлесіне, саяси құрылысын, қалыптасқан дәстүрлерге, сыртқы факторларға қарай экономикалық қызметке қатысады. Жалпы мемлекеттің қоғамдығы экономикалық қызметі оның мына функцияларында бөлінеді.

- 1) экономикалық дамудың қалыпты дамуына құқықтық базаны анықтау.
- 2) монополиялық қызметті шектеу және бәсекелестікті қорғау
- 3) табыстар мен байлықты қайта бөлу
- 4) экономиканы тұрақтандыру
- 5) ресурстарды қайта бөлу

Аталған функциялардың іс-әрекеті тікелей немесе жанама түрде “қаржы” категориясын пайдаланумен байланысты болып келеді. Анықырақ айтсақ табыстар мен байлықты қайта бөлу, экономиканы тұрақтандыру, ресурстарды қайта бөлу функцияларында көрінеді.

Мемлекеттің экономиканы тұрақтандыру жөніндегі іс-қимылы экономикалық жағдайдың ауытқуларын туғызатын жұмыспен қамтылуы және инфляция деңгейін бақылауды, сондай-ақ экономикалық өсуді ынталандыру жөніндегі шараларды қамтиды. Экономикалық ресурстарды қайта бөлу екі жағдайда нарықтық жүйенің жетілмегендігінен барып туады.

- 1) бірқатар тауарларды өндірудің тепе-теңдік көлемінің олардың оңтайлы көлемінен ауытқуы.
- 2) Ресурстарды бөлуден рыноктың бас тартуы немесе қоғамдық тауарларды, игіліктерді және қызметтер көрсетуді ұлғайту мен өндіру үшін оларды жеткілікті білу.

Бұл жерде бірінші жағдайды талқылайтын болсақ, тауарлар мен қызметтер қысқартудың бірқатарын өндіру немесе тұтыну, бұл тауарларды тікелей өндіруші немесе тұтынушылар болып табылмайтын субъектілерде шығын тудырады немесе пайда келтіреді. Бұл құбылысты “жанама нәтижелер” немесе “құйылымдар” деп атайды және бұл шаруашылық процестердің қатысушылары емес адамдардың немесе топтардың пайдалары немесе шығындары болып табылады.

Құйылым шығындарына айналадағы ортаның ластанумен, шудың, тербелістердің, түрлі қолайсыздықтардың болуымен байланысты шығындар жатады. Бұл жағдайда өндірушілер өздерінің шығындарының бір бөлігін халыққа аударып салады және өндірушілердің шығындары

азаяды. Нәтижесінде өндірушілерде өндірістің үлкен көлемі болуы мүмкін, демек, бұл тауарларды өндіру үшін ресурстар көбейтілген көлемде түсетін болады.

Құйылым шығындарын теңестіру үшін мемлекет ұсынымды мынадай реттеуші шараларды жүргізеді:

- қызметті заңнамалық шектеу немесе оны зиянды әсер болмайтын жағдайларға жеткізу талабы; мұндай қызметтің нормалары мен стандарттарын сақтау шығындарды арттыруға және тепе-тең және оңтайлы көлемінің сәйкестігіне жеткізеді.
- Құйылым шығындарына тең немесе жақын арнаулы салықтарды енгізу, бұл шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы шығындарын арттырады және тепе-теңдіктің жай-күйін қамтамасыз етеді.

Бұл жағдайларда өнімге немесе қызмет көрсетуге ресурстарды тым көп бөлу жойылатын болады.

Құйылым пайдалары: білім беру, санитарлық-профилактикалық шаралар, медициналық көмек, ауа райын болжау, өрттен қорғау және басқа бірқатар қызметтер көрсету жасайды, бұлардан пайданы бұл игіліктерді нақты пайдаланушылар ғана емес, сонымен бірге жалпы қоғам да алады. Бұл қызметтер көрсетуді нақты пайдаланушылар тек нарықтық сұранымды қалыптастырады, ал құйылым пайдалары ақиқаттық мөлшерге дейін сұранымды толықтырады және қызметкөрсетудің қажетті көлемін белгілейді, яғни жеткіліксіздігін сипаттайды.

Құйылымдар пайдалары кезіндегі мемлекеттің реттеуші іс-қимылдары сұраным мен ұсынымды көбейтуге бағытталған. *Сұраным* тұтынушыларды құйылым пайдаларын тудыратын тауарлар немесе қызметтер көрсетуді сатып алу үшін қосымша сатып алуға жарамдылықпен қамтамасыз ету жолымен арттырылады. *Ұсыным* өндірушілерді қаражаттандыру жолымен арттырылады, бұл олардың шығындарын азайтады және өндірістегі кеңейтуге мүмкіндік береді.

Құйылым шығындарының іс-әрекет процесі яғни шығындардың болуының нәтижесінде (5,1 сызба) ұсыным сызығы S1 жағдайында болады, яғни қоғамда аударып салынған шығындардың бөлігінен кәсіпорын босатылады. Барлық шығындарды қосқан жағдайда ұсыным сызығы S2 жағдайында болады: бұл орайда тепе-тең көлем Q1-ден Q2-ге төмендейді, ал тепе-тең баға P1-ден P2-ге көбейеді. Ұсыным сызығының сапырылысуына жағарыда айтылған мемлекеттің іс-қимылымен қол жетеді.

Құйылым пайдаларының іс-әрекеті (5,2 сызба) D1 сұраным сызығы тек оның нарықтық жағынан қамтып көрсететін және Q2 сызығына сәйкес келетін сұранымның жалпы мөлшерін төмендететінін білдіреді, яғни нарықтық сұраным қоғамдық тауарларды тұтынумен байланысты қоғамның барлық пайдасын қамтып көрсетпейді. Сұранымның нарықтық мөлшері оңтайлы мөлшерінен аз болып шығады, ал бұл мақсаттарға жұмсалатын ресурстар жеткіліксіз көлемде түседі.

Құйылым пайдаларын түзету (5,3 сызбада “а”) қоғамдық тауарларды тұтынушыларды мемлекеттің қаражаттандыру жолымен, ал “ә” жағдайда өндірушілерді қаражаттандыру жолымен D1-ден D2-ге көбейтумен қол жетеді. Екі жағдайда бұл тауарларды өндірудің тепе-тең көлемі көбейеді, бірақ екінші жағдайда бұдан басқа оларға бағаны төмендетуге қол жетеді.

2 Қоғамдық тауарлары, игіліктері мен қызметтері.

Өндіріске және тиісінше белгілі бір тауарларды, игіліктерді және қызметтер көрсетуді өндіретін, қамтамасыз ететін саларды қаржыландыруға мемлекет сондай-ақ тікелей қатыса алады. Олар *қоғамдық және әлеуметтік* деп аталады. Қоғамдық тауарлардың кәдімгі рыноктық тауарлардан айырмашылығы сол, олар *бөлінбейді және шығарып тастау* қағидасының іс-әрекетіне ұшырамайды.

Бөлінбейді деген бұл жеке сатып алушының тауарға қол жетушілігін, оның тап өзіне қажетті нақтылы тауарларды сатып алу мүмкіндігін қажет етеді, мұның өзі сатып алушының егемендігін анықтайды.

Шығарып тастау қағидасы бұл тұтынушыны егер ол тауардың нарықтық бағасын төлей алмаса немес төлегесі келмесе осы тауардан болатын пайдадан аластатуды білдіреді.

Қоғамдық тауарлар бөлінбейді, өйткіні олар жеке сатып алушыларға бөлшектеніп сатылмайды және пайдаланушыларды әдеттегідей оларды пайдаланудан аластатуға болмайды. Рыноктық

тауарлардан алынған пайда оларды сатып алу кезінде, ал қоғамдық тауарлардың алынған пайда өндіру кезінде ажыратылады.

Кез-келген жағдайда нарықтық жүйе не қоғамдық тауарларға (“таза” қоғамдық тауарлар мен қызметтер көрсету үшін) ресурстарды бөлмейді, немес оларды жеткіліксіз көлемде (“аралық” қоғамдық қызметтер көрсету үшін) бөлінеді. Сондықтан *мемлекеттің қаржы механизмі* арқылы мұндай тауарларды, игіліктерді және қызметтер көрсетуді өндіру және қоғамды олардың белгілі бір көлемімен қамтамасыз ету туралы мемлекет шешім қабылдауы тиіс. Экономикалық ресурстарды *қайта бөлуге* салық-бюджет жүйесі арқылы жетеді; *салық және басқа міндетті төлемдер* арқылы, жекеше сектор дара, нарықтық тауарларды өндіруге, ал халық оларды тұтынуда шектелінеді. Сөйтіп, ресурстардың бір бөлігі мүдделерді қанағаттандыруды қамтамасыз етуші салалар, өндіріс қаржыландырылады.

3 Мемлекеттік қаржылар туралы жалпы түсінік және олардың құрамы.

Мемлекеттің қаржысы мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, саяси функцияларын орындау үшін оны қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз ететін елдің қаржы жүйесінің маңызды сферасы болып табылады және олар экономика мен социумдағы сан алуан өзара байланыстарды қамтитын мемлекеттік сектордың өндірістік және әлеуметтік қатынастардағы іс-қимылымен байланысты. Мемлекет (өзінің билік пен басқару органдары арқылы), бір жағынан, жеке кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, азаматтар, басқа жағынан, бұл сферадағы *ақша қатынастарының субъектілері* болып табылады.

Ішкі ұлттық өнімнің өсуімен салыстырғанда мемлекеттің шығыстары көлемінің озынқы қарқынмен өсуі мемлекеттің қаржыларына тән сипат болып табылады. Бұл құбылыс 19 ғасырлардағы неміс экономисі *Вангердің заңы* – “*Өспелі мемлекеттік белсенділік заңы*” ретінде белгілі.

Мемлекет қаржысының функциялары экономикалық категория болып келеді: бұл- ***бөлу мен бақылау функциялары***.

Бөлгіштік функциядағы мемлекеттің қаржысын неғұрлым толық сипаттау үшін мемлекеттің реттеуші іс-қимылдарының қажеттігінен туындайтын құрамдас қосалқы функцияларды көрсетеді.

1. орналастыру
2. қайта бөлгіштік
3. тұрақтандыру қосалқы функциялары,

Мемлекеттің қаржысы республикалық және жергілікті (муниципалдық) деңгейде іс-әрекет етеді және мемлекеттік бюджетті, бюджеттен тыс қорларды, мемлекеттік кредитті, мемлекеттік және жергілікті кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржыларына кіріктіреді. Экономикалық және әлеуметтік сфераға мемлекеттік басшылықтың деңгейіне қарай мемлекеттің қаржысы *жалпы мемлекеттік (республикалық) және жергілікті (муниципалдық) қаржылар* болып бөлінеді.

Мемлекет қаржысының құрамында республикалық және жергілікті деңгейлерде қалыптасатын *бюджеттік қатынастар мен өзара байланыстар* маңызды рол атқарады. Бюджеттік қатынастар көмегімен мемлекеттік құрылымдардың қарамағына қаржылық әдіспен қайта бөлінетін ұлттық табыстың езуір бөлігі жұмылдырылады. Түрлі деңгейдің бюджеттері- республикалық, жергілікті бюджеттер тиісінше өкімет пен басқарудың республикалық және жергілікті органдары үшін тірліктің қаржы базасы болып табылады.

Қазақстан Республикасы аумағында жалпы функцияларды орындау үшін республикалық (орталық) бюджет қалыптастырылады. Оның ресурстары мемлекеттік мақсатты кешені бағдарламаларды қаржыландыруға, республикалық функцияларды орындауға, сондай-ақ қарулы күштер мен басқару органдарын ұстауға байланысты мемлекеттік шығыстарын қамтамасыз етуге арналған.

Бюджеттік қатынастар жүйесінде жергілікті бюджеттерге маңызды орын беріледі. Жергілікті бюджеттер көбінесе экономикалық процестерді реттеу үшін пайдаланылады, өндіргіш күштерді орналастыруға ықпал етеді, жергілікті кәсіпорындар шығаратын өнімнің бәсікелестік қабілетін арттыруға, аумақтық инфрақұрылымды қаржыландыруға жәрдемдеседі. Жергілікті бюджеттер әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруда зор рол атқарады.

Мемлекттік сектордың жұмыс істеуі мемлекеттік меншіктің болуына негізделген. Меншікті жіктеу тұрғысынан *мемлекеттік заңды ұйымдардың мүлкі және мемлекеттік қазына* болып бөлінеді.

Мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкі заңмен бекітелген және мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысының жұмыс істеуінің негізін құрайды. Олардың қызметінің ерекшеліктері “Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы” бөлімінде баяндалған, өйткені мемлекеттік сектор кәсіпорындарының өзіндік қаржы жүйесінің бұл буынының барлық субъектілері үшін ұқсас және басқарудың біртұтас қағидасына бағынады.

Мемлекеттік қазына республикалық және жергілікті қазына болып бөлінеді. Республикалық қазына мыналарды қамтиды.

- республикалық бюджеттің қаражаттары
- мемлекеттің алтын-валют қаражаттары
- мемлекеттік меншіктің айрықша құқығының мүлкі (жер, оның қойнауы, өсімдік және жануарлар әлемі, басқа табиғи ресурстар)
- республикалық меншікке жататын оқушауландырылмаған мүлік. Мүлік иесі талап етпеген иесіз мүлік, тәркіленген, мұралану құқығы бойынша мемлекетке берілген өлген адамнан қалған мүлік(иесіз мүлік), мемлекетке қазынаға үткізуге немесе беруге жатады.

Жергілікті қазына мыналарды қамтиды.

- жергілікті бюджеттің қаражаттары
- коммуналдық меншікке жататын оқушауландырылмаған мүлік.

4 Мемлекеттік табыстардың мәні және жіктелуі.

Мемлекет қаржысының іс-әрекеті кезінде өзара тығыз байланысты екі процесс пайда болады: мемлекеттік құрылымдардың қарамағында қаржы ресурстарын жұмылдыру және қаражаттарды мемлекеттің әртүрлі қызметтеріне пайдалану. Бұд процестердің алғашқысы өзінің көрінісін мемлекеттің кірістері ұғымында, екіншісі мемлекеттің шығыстарында табады.

Мемлекеттің кірістері деп- экономикалық қатынастардың жүйесін айтады, бұл қатынастардың процесінде мемлекеттің жұмыс істеуінің материалдық базасын жасау үшін мемлекеттің меншігіне түсетін қаражаттардың жиынтығы құралады.

Жиынтық қоғамдық өнімді бөлудің нәтижесінде мемлекеттің, жеке кәсіпорындардың, шаруашылық ұйымдардың және халықтың *бастапқы табыстары жасалынады*. Бастапқы табыстар бөлу мен қайта бөлудің күрделі процестеріне ұшырайды, мұнда маңызды ролді қаржы орындайды. Бұл процестердің нәтижесінде ақша қорлары, ең алдымен бюджет қоры жасалынады.

Мемлекеттің кірістері мемлекеттік кәсіпорындардың қарамағына қаржы ресурстарын қалыптастырумен байланысты болатын қаржы қатынастарының бөлігі ретінде көрінеді. Сонымен бірге жұмылдырылатын мемлекеттің қаржы ресурсатры орталықтандырылған кірістер қатарына, мемлекеттік кәсіпорындардың қарамағына қалғандары орталықтандырылмаған кірістер жатады.

Орталықтандырылған қаржы кірістері негізінен салық түсімдері, сыртқы экономикалық қызметтен алынатын кірістер, халық төлемдері есебінен қалыптасады. *Орталықтандырылмаған қаржы кірістер* кәсіпорындардың өздерінің ақшалай табыстары мен қорланымдарынан құрылады. Мемлекеттің орталықтандырылған кірістерінің құрамында басты орынды бюджеттің кірісі алады, оның есебінен қоғамды дамытудың экономикалық және әлеуметтік міндеттерін шешу қамтамасыз етіледі.

Мемлекет кірістерінің көзі ұлттық табыс болып табылады, ал қаржы ресурстары **жалпы қоғамдық өнімнің** барлық сомасын бөлу және қайта бөлу кезінде жұмылдырылады. Мемлекеттің шығыстарын жабу бүкіл қаржы ресурстарының жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Нарықтық экономика жағдайында мемлекеттің кірістерін жұмылдырудың негізгі әдістері **салықтар** (оның түрлі нысандары), **қарыздар**, **эмиссия** болып табылады.

Мемлекет кірістерінің жүйесінде орталық орынды **салықтар** алады. Олар нарықтық тұрпаттағы дамыған экономикалық жүйеде әрекет ететін қаржының негізгі қасиеттерін білдіретін әмбебаптық және сонымен қатар басты категория болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында салық нысаны қаржылық өзара байланыстардың бүкіл жүйесінде басымырақ болады. Салықтар барлық елдерде олардың қоғамдық-экономикалық құрылысы мен саяси іс-бағыттарына қарамастан

мемлекет кірістерінің негізі көзі- ұлттық табысты қайта бөлудің басты қаржылық тетігі, мемлекет кірістерін, тиісінше, бюджеттік қордың кірістерін де қалыптастырудың шешуші көзі болып табылады.

Фискалдық маңызы бойынша екінші әдіс мемлекеттік **қарыздар** болып табылады. Олар тек бюджет тапшылығын жабуға емес, сонымен бірге әртүрлі күрделі шығындарды, әсіресе экономиканың мемлекеттік секторындағы қаражаттарды инвестициялауды қамтамасыз етуге пайдаланады. Қарыздар мемлекет қаржыларының түрлі буындарында, республикалық және жергілікті бюджеттерде, мемлекеттің тартылған қаражаттары құрамында қолданыс тауып отар.

Мемлекет кірістер жұмылдырудың үшінші әдісі **эмиссия**, оның үстінде тек **қағаз-ақша эмиссиясы** ғана емес, сонымен қатар **кредит эмиссиясы** болып табылады. Эмиссияға мемлекет салық және қарыз түсімдері мемлекеттің өсіп отырған шығындарын жабуды қамтамасыз ете алмағанда, оның үстіне қаржы рыногында жаңа қарыздарды шығаруға қолайсыз жағдайда ғана иек артады. Қағаз-ақша эмиссиясы да, кредит эмиссиясы болмай бюджет тапшылығын жабу қажеттілігіне байланысты болса, экономикада инфляциялық процестердің күшеюіне әкеп соқтырады. Сондықтан дамыған нарықтық шаруашылық елдері әдетте кредит эмиссиясына жүгірмей, оны қарызбен алмастырады.

Мемлекеттің кірістерін сыныптау олардың экономикалық мағанасын, құрамы мен мақсаты бағыттылығын, қалыптасу қағидаларын, яғни мемлекет кірістерінің бүкіл жүйесін береді.

Меншік нысандарын ұйымдық-құқықтық рәсімдеуге қарай мемлекеттің кірістері мыналардан тұрады.

- мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың табыстарынан
- жеке кәсіпкерлік сектордың салық түсімдерінен
- халықтың салық төлемдерінен
- кооперативтік және ұжымдық кәсіпорындардың салық түсімдерінен
- қоғамдық ұжымының салық түсімдерінен

Жасалу сфераларына байланысты мемлекеттік кірістері.

- матералдық өндіріс сферасында қалыптасатын кірістері
- өндірістік емес сферада жасалатын кірістер болып жіктеледі.

Қаржылық мазмұны бойынша мемлекеттің кірістері

-салықтық

- салықтық емес (мемлекет илігінен алудан және жекешелендіруден түсетін қаражаттар, ақшалай –заттай латерейлардан түсетін табыстар және т.б.)

Жұмылдыру әдістері бойынша кірістер ортадықтандырылған және орталықтандырылмаған болып жіктеледі.

Таза табыс өсуінің басты факторлары мыналар болып табылады:

- өнім өнімділігін арттыру (өнім өндірудің көлемін арттыруды қамтамасыз ететін және өнім өлшеміне жұмсалатын еңбек шығындарын төмендететін)
- өнім өндіруге жұмсалатын материал және ақша ресурстарын үнемдеу
- өнім сапасын жақсарту
- негізгі және айналым өндірісітк капиталдарын пайдаланудың тиімділігін арттыру
- табиғи өндіріс жағдайлары.

5 Мемлекеттің шығыстарының мәні, құрамы және сыныптамасы.

Мемлекеттің шығыстары — бұл мемлекеттің жұмыс істеуімен байланысты ақша шығындары. *Экономикалық категория* ретінде олар қоғамдық өндірісті дамытып, жетілдіру, қоғамның сан алуан қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жалпы ішкі өнімнің бір бөлігін бөлумен және тұтынумен байланысты экономикалық қатынастарды білдіреді.

Мемлекеттің шығыстары — мемлекеттің қаржы саясатының маңызды құралы, оның орталықтандырылған және орталықтандырылмаған кірістерін пайдалануға байланысты болатын қаржы қатынастарының бір бөлігі. Мемлекет шығыстарының өзгешелігі сол, ол қызметтің тек мемлекеттік сферасының қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Сондықтан мемлекет шығыстарының мазмұны мен сипаты мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік, басқару, қорғаныс және т.б. функцияларымен тікелей байланысты.

"Шығыстар" ұғымының қос мағынасы бар:

1. Ақша қаражаттарын олардың мақсатты арналымы бойынша пайдалану, яғни ақша қаражаттарын айырбас процесінде тікелей рәсуалау.

2. Айырбас процесінде қаражаттарды нақтылы жұмсаудан бөлгіштік сипаттағы шығыстарды ажырата білген жөн, бұл шығыстар қаржы арқылы қалыптасады.

Бұл екі аспект "шығыстар" ұғымының оның "шығындар" ұғымына түрленген кездегі қарама-қайшылық пен күрделілікті қамтып көрсетеді: егер "шығыстар" түпкілікті рәсуаны, тұтынуды ("табыстарға" қарама-қарсы) қажет ететін болса, "шығындар" "есепке жатқызылатын" алдымен, келешектегі табысты немесе пайданы күтудегі шығындарды білдіреді.

Мемлекет шығыстарының құрамына мемлекеттік бюджеттің, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың, өндірістік және өндірістік емес сфералар мекемелерінің шығыстары кіреді.

Мемлекет шығыстарының басым бөлігі *қоғамдық тауарларды, игіліктерді және қызметтер көрсетуді* өндіруге немесе олармен халықты қамтамасыз етуге бағытталады, бұл мемлекет шығыстарының рөлін айқындайды. Әлеуметтік-мәдени мақсаттарға, қорғанысқа, құқық тәртібін қорғауға, басқаруға, мемлекеттің инфрақұрылымдық кәсіпорындары мен ұйымдарының өнімі мен қызмет көрсетулеріне жұмсалатын шығыстар мемлекет, сонымен бірге экономиканың нарықтық секторы тарапынан рыноктық тауарлармен және қызметтер көрсетумен қамтамасыз етуге қосымша ретінде халықтың жалпы қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс.

Мемлекеттің шығыстарын ұйымдастырудың қажетті қағидаты оларды жабудың *бюджет, кредит және меншікті көздерінің оқтайлы үйлесуі* болып табылады.

Мемлекеттің шығыстарын шектеудің (айырудың) аса маңызды қонтерийі *материалдық өндіріс пен ұлттық табысты жасаудың процесінде олардың қатысы* болып табылады. Осыған сәйкес мемлекеттің шығыстары экономикалық мазмұны бойынша үш негізгі топқа бөлінеді:

1) материалдық өндіріспен тікелей байланысты және өндірістік сфераға жататын шығыстар;

2) қызметтің өндірістік емес сферасындағы шығыстар;

3) мемлекеттік резервтерді жасау шығыстары;

Шығыстардың бірінші тобы мемлекеттің шаруашылық қызметімен шарттасылған және ұлттық табысты жасаумен байланысты.

Мемлекет шығыстарының *екінші тобы* қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін ұлттық табысты тұтынумен байланысты. Өндірістік емес сфераға жұмсалынатын қаражаттар ең алдымен оқу-ағарту мен денсаулық сақтау мекемелерін

Өндірістік емес сфераның қажеттеріне жұмсалатын шығыстар тұтыну қорына түсетін ұлттық табыстың бөлігі болып табылады.

Мемлекеттің шығыстарын қорлану қоры мен тұтыну қоры арасында оңтайлы бөлу мемлекеттің экономикалық саясатының аса маңызды міндеті болып табылады. Қорлану қоры мен тұтыну қорының арасалмағы өзгерді: тұтыну қорының өсу қарқыны қорлану қорының өсу қарқынынан асып түсті. Тұтыну мен қорлануға пайдаланылатын ұлттық табыстағы тұтыну қорының үлес салмағы Қазақстанда 86 пайызға жуығын құрайды.

Үшінші топтың мемлекет шығыстары — *мемлекеттік резервтерді жасау мен молықтыруға* жұмсалатын шығындар төтенше жағдайлар кезінде, мысалы, дүлей апаттар кезінде, өндірістік, сондай-ақ өндірістік емес сфералардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, ысыптары өтеуге және кәсіпорындарды, мекемелерді, ұйымдарды және халықты тауарлармен, азық-түлікпен жабдықтауды қамтамасыз етуге арналған.

Предметтік (мақсатты) белгісі бойынша мемлекеттің шығыстары *экономикаға, әлеуметтік-мәдени шараларға, ғылымға, қорғаныс пен басқаруға* жұмсалатын шығыстарға бөлінеді.

Аумақтық белгісі бойынша мемлекеттің шығыстары экономикалық аймақтар бойынша бөлінеді. Мұндай сыныптау әндіргіш күштерді орналастыруға және ұлттық шаруашылықтағы үйлесімдіктерді жетілдіруге белсенді ықпал жасауға мүмкіндік береді.

Салалық белгісі бойынша материалдық өндіріс сферасында мемлекеттің шығыстары өнеркәсіпке, құрылысқа, ауыл шаруашылығына, көлік пен байланысқа, саудаға, жабдықтау мен дайындауға жұмсалатын шығындарға бөлінеді; өндірістік емес сферада білім беру, ғылым,

денсаулық сақтау мен дене шынықтыру, әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамсыздандыру, қорғаныс, басқару шығындары болып бөлінеді.

Мемлекеттің шығыстары қаражаттарды ең жоғары тиімділікпен пайдаланған жағдайда мемлекеттік қажеттіліктерді неғұрлым толық қамтамасыз етуі тиіс. Осыған байланысты шаруашылық жүргізудің ерекшеліктерімен анықталатын мемлекеттің шығыстарын *қаржыландырудың екі әдісі* болады:

Шаруашылық, есептегі кәсіпорындар мен ұйымдарды қаржыландыру меншікті ресурстар, банк кредиттері есебінен және жетіспеген бөлігі бюджет қаражаттары есебінен жасалынады;

Сметалық-бюджеттік қаржыландыру. Сметалық тәртіппен ерекше құжаттардың — сметалардың негізінде әлеуметтік-мәдени шаралар, мемлекеттік билік пен басқару органдарын ұстау, қорғаныс шығындары қаржыландырылады. Сметалық тәртіппен қаржыланатын мекемелер мен ұйымдар бюджеттік деп аталады.

Ерекше жағдайларда әдіс ретінде айналысқа қолма-қол ақша шығару және кредиттік эмиссия есебінен (қолма-қол ақшасыз) *эмиссиялық, қаржыландыру қолданылады*.

Бюджеттік қаржыландырудың мынадай нысандары қолданылады: демеуқаржы, субвенциялар, субсидиялар.

Демеуқаржылар кезінде ақша қаражаттары қайтарусыз тәртіппен бюджет пен бюджет қорларынан кәсіпорындар мен ұйымдардың зияндарын жабу үшін, сондай-ақ төменгі бюджеттерді баланстау үшін бөлінеді.

Субвенциялар — халықты әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету жөніндегі бағдарламалар мен шараларға және басқа мақсаттарға нысаналы мемлекеттің қаржы көмегінің нысаны; мақсатты пайдалану бұзылған жағдайда қаражаттар қайтарылуға жатады.

Субсидиялар — үлестік негізде белгілі бір шараларды қаржыландыруға бюджет, бюджеттен тыс және арнаулы қорлардың қаражаттары есебінен ақша және заттай нысандағы жәрдемақылар.

Аталған нысандар (оларды қалыпты жүзеге асырған жағдайларда) *трансферттік* қаржыландырудың түрін қабылдайды. Трансферттер деп кең мағынада бюджеттен және бюджеттен тыс қорларды белгілі бір қажеттіліктерді қаржыландыру үшін қаражаттарды қайта бөлу кезінде оларды өтеусіз және қайтарусыз беруді айтады. Әдеттегідей, бұл әлеуметтік сақтандыру мен қамсыздандыру бойынша төлеулер, жұмыссыздық бойынша, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және т.б. жүйесін ұстауға берілетін жәрдемақылар.

Экономиканы дамытуға жұмсалатын шығыстар — бұл өндіріс көлемінің тұрақты өсуі және оның тиімділігін арттыру үшін жағдайлар жасауға бағытталатын ақша қаражаттары. Оған мыналар жатады: күрделі жұмсалымдар, негізгі капиталдарды жөндеу; айналым қаражаттарының өсімі; материалдық резервтер жасау; арнаулы қорлар мен мақсатты қаржыландыру қорларын жасау.

Мемлекеттік резервтер — мемлекет жасайтын шикізаттың, материалдардың, отынның, машиналар мен жабдықтың бірқатар түрлерін, астықтың, азық-түлік тауарларының, қорғаныс мұқтаждары үшін арналған өнімнің маңызды түрлерінің босалқы қорлары. Мемлекеттік резервтер үнемі қалпына келтіріліп, молықтырылып отыратын мемлекеттің айрықша орталықтандырылған қорын құрайды. Мемлекеттік резервтер мемлекеттік бюджет қаражаттары есебінен жасалынады.

Мемлекет шығыстарының маңызды бағыты **әлеуметтік-мәдени шараларға** — оқу-ағартуға, ақпараттық қызметтер көрсетуге (баспасөз, радио хабарын тарату және теледидар), мәдениетке, өнерге, денсаулық сақтауға, дене шынықтыру мен спортқа, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру мен әлеуметтік қамсыздандыруға жұмсалатын шығындарды қаржыландыру болып табылады.

Мәдениет пен өнерді қаржыландыру кітапханаларды, клубтарды, мәдениет үйлерін, мұражайлар мен көрмелерді, театрларды, филармонияларды, сазгерлік ұйымдарды, ансамблдерді, киностудияларды ұстауды қамтиды;

Буқаралық ақпарат құралдарын ұстауға жұмсалатын шығыстар мемлекет құрылтайшысы болып келетін мемлекеттік радио хабарын таратуды, теледидарды, баспаларды, газет-журналдарды қаржыландыруға бағытталады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы қаңтардың 27-сіндегі № 135 қаулысына орай тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі белгіленген. Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттік — Республикалық бюджеттің қаражаттары есебінен, аумақтық денсаулық

сақтау органдары — жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен көрсетілетін медициналық қызметтерге ақы төлеу жөніндегі уәкілетті органдар болып табылады.

Денешынықтыру мен спортқа жұмсалатын шығыстар мемлекеттік бюджеттің қаражаттары, кәсіподақ ұйымдарының қаражаттары, шаруашылық жүргізуші субъектілердің кірістері, спорт қоғамдарының меншікті қаражаттары есебінен қаржыландырылады. Стадиондар мен басқа спорт ғимараттарына жұмсалатын күрделі жұмсалымдар, спорт ұйымдарының аппаратын ұстау, оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарды өткізуге бөлінетін қаржылар мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Шығыстардың бір бөлігін ұйымдар — демеушілер, әдеттегідей, жарнамалық мақсаттарда өтейді.

Ғылыми-техникалық прогресті (ҒТП) қаржыландырудың көзін таңдау кезеңдерге және, тиісінше, ғылыми-техникалық зерттеулерге байланысты, соның ішінде: іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер, жобалау-конструкторлық зерттемелер, жаңа техника мен технологияны, өндірісті, еңбекті және басқаруды ұйымдастырудың әдістерін енгізу.

ҒТП-ні қаржымен қамтамасыз етудің негізгі қағидаттары қаржыландыру көздерінің *көптігі* және олардың *мақсатты бағыттылығы* болуы тиіс.

ҒТП-нің қолданбалы және енгізбелік шаралары *шаруашылық есеп қорларынан (орталықтандырылған және орталықтандырылмаған)* және *банк қоредиттері есебінен* қаржыландырылуы тиіс.

Халықты әлеуметтік қорғау шығыстары. Қаржы жүйесінің дербес буыны ретіндегі сақтандыру әдетте ойда болмаған және тетенше оқиғаға байланысты *белгілі бір объекті* сақтандыру мен *әлеуметтік қамсыздандыру (сақтандыру)* сияқты екі оқшауланған нысанада іс-әрекет ететіні белгілі. Сақтандыру мәселесі, медициналықты қоспағанда әлеуметтік сақтандыру проблемаларымен — *халықты әлеуметтік қорғау* жүйесімен тікелей байланысты.

Әлеуметтік қамсыздандыруды, Әлеуметтік қорғау, Әлеуметтік қамсыздандыру, Әлеуметтік сақтандыру, Зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі, еңбекке уақытша жарамсыздық жөнінде жәрдемақылар төлеу, жұмысынан айырылған кезде әлеуметтік қолдау, Жинақтаушы зейнетақы жүйесі, Жәрдемақы, Еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша, Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар, Мүгедектігі бойынша жәрдемақылар, Жасына байланысты жәрдемақы болып жік-жікке бөлінеді.

Халықты әлеуметтік қорғау жүйесінде мыналар боліп көрсетіледі:

1. *Әлеуметтік көмек*, ол бойынша төлемақылар
2. *Тұрғын үй жәрдемақысы*, отбасының жиынтық табыстарын ескере отырып тағайындалады.

3 *Жұмыссыздарға материалдық көмек.*

4 *Этникалық отанына оралған қазақтарға жәрдемақы және басқа жәрдемақылар*

Табысы екі, айлық есептік көрсеткіштен артық емес *жұмыссыздарға материалдық көмек* белгіленген.

Қорғанысқа және басқаруға жұмсалатын шығыстар. Әрбір мемлекет өзінің қорғаныс қабілетін сақтап отыруы тиіс, ол аса маңызды мемлекеттік функциялардың бірі болып табылады. Өзінің жерін, елін сыртқы күштерден қорғай алатын мемлекетті ғана тәуелеіз деп тануға болады.

Басшылық пен басқаруды Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде орталықтандыру қорғанысқа бағытталатын қаржы ресурстарын тиісінше орталықтандыруды талап етеді. Сондықтан *қорғанысқа жұмсалатын шығыстар* көбінесе республикалық бюджеттен (80% жуығы) қаржыландырылады.

Қорғанысты *қаржымен қамтамасыз ету* мыналарды кіріктіреді:

- а) қарулы күштерді қаржыландыру;
- ә) қару-жарақтарды, соғыс техникасын, өндірістік-техникалық арналымның онімдерін әзірлеуге, өндіруге және сатып алуға жұмсалатын шығындар;
- б) ғылыми зерттеулер мен қорғаныс сипатындағы зерттемелер;
- в) әскери объектілердің (аэродромдардың, полигондардың, баздардың, әскери бөлімдер мен бөлімшелердің орналасу орындарының және т.б.) күрделі құрылысы;

Мемлекеттік басқару органдарының жүйесі дегеніміз барлық деңгейлердің заңнамалық, атқарушылық және өкілдікті органдарының, сондай-ақ шаруашылық басқару аппаратының жиынтығы.

Заңнамалық биліктің жоғары мемлекеттік органы Қазақстан Республикасының Парламенті болып табылады, республика басшысы, оның атқарушы билігі Президент болып табылады. Атқарушылық билікті сондай-ақ Үкімет те жүзеге асырады.

Облыс, қала, аудан аумағында атқарушы екімгерлік органдар жергілікті әкімшіліктер — екімдер басшылық ететін әкімдіктер, ал өкілдікті органдар тиісті мәслихаттар болып табылады. Бұл органдар шаруашылық және қоғамдық өмірдің басқа сфераларын басқарады.

Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау органдарын ұстауға жұмсалатын шығыстар Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ішкі әскерлер органдарын, сот, прокуратура, қаржы полициясы органдарын, нашақорлық және есірткібизнеспен күрес жөніндегі органдарды қамтиды.

Тиісті салаға басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік басқарудың орталық органы — министрлік, ведомство (агенттік, комитет, комиссия және басқалары). Олар өзіне бағынышты шаруашылық жүргізуші субъектілерді, бірлестіктерді, ұйымдар мен мекемелерді тікелей немесе олардың басқаруындағы шаруашылық бөлімшелер (департаменттер, басқармалар) арқылы басқарады.

Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттің экономикалық іс-әрекеттері.
2. Қоғамдық тауарлары, игіліктері мен қызметтері.
3. Мемлекеттік қаржылар туралы жалпы түсінік және олардың құрамы.
4. Мемлекеттік табыстардың мәні
5. Мемлекеттің шығыстарының мәні түрлері

Әдебиеттер:

1. Қ.Мырзабекқызы, А.Болғанбаев. Қаржы теориясы. Шымкент: Асель. 2021
2. Г. Азретбергенова. Қаржы I, оқу - әдістемелік құралы, Түркістан 2020,
3. Г.Азретбергенова. Введение в финансы, Учебно-методическое пособие, Түркістан 2020,
4. Р.Серкебаева., Р.Смагулова. Финансы, Учебник. МОН РК, Ассоциация вузов РК. - Алматы: BOOKPRINT, 2014.
5. С.Құлпыбаев. Қаржы. Оқулық. Алматы: Экономика, 2015ж.